

2015 жылы Федоров ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы № 311 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 сәуірде № 5506 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 8-тармағына сәйкес Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015 жылы Федоров ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XIV сессияның төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

В. Сергиенко

Б. Бекенов